

Мәслихаттың 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 375 "Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 15 шілдедегі № 190 шешімі

Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 343 "Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 8914 болып енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентіндегі 4-тармақтың:

сегізінші абзацы алынып тасталсын.

14-тармақта бірінші абзацтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгертілмейді, орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Д. Қойшыбаев